

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
 Бибигуль Жексембаевна Альмухамбетованың «Ерекше білім беруді қажет
 ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу
 (ЖОО мен колледждердің нашар еститін білім алушылары мысалында)»
 тақырыбында дайындаған диссертациясына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарлама ларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі	Диссертациялық жұмыс <i>ғылымның даму бағыттарындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес</i> және қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған прблема – ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларды жалпы білім үрдісіне толық қамту; әлеуметтік бейімдеу; жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқыту аясындағы <i>инклюзивті білім беру мемлекеттік саясатына сәйкес</i> . Білім беру саласында әркімнің білім алу құқықтарының теңдігі; интеллектуалды, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып дамуын, әр адамның білім алуын қамтамасыз ету және білімнің қолжетімділігі заманауи қазақстандық қоғамның серпін сұраныстарының бірі болады. Инклюзивті білім беру идеологиясының негізіндегі ерекше қажеттілігі бар білім алушыларды тең жағдайда оқытып дамыту мәселелері олардың сыртқы әлеммен тиімді әрекеттесуін, өз эмоцияларын оңтайлы түсінуін және басқаруын, сондай-ақ өзгелердің эмоциялық жағдайын түсіне білуін қажет етеді.

		Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу негізінде олардың тұлғалық қасиеттерін дамытуға, өзін-өзі анықтауына, әлеуметтенуіне және өзін-өзі жүзеге асыру міндеттерін шешуге бағытталған. ЖОО мен колледждердің нашар еститін білім алушыларының эмоциялық жағдайының оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету білім алушының кәсіби қызметке қабілетін жетілдіруге бағытталған психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік шарттар болады. Бұл жағдайда білім сапасы арқылы нәтижесі көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу жұмысы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігін дәлелдейді.
	1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан	1.3 Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес. Диссертациялық жұмыста Қазақстан Республикасында арнайы білім беру жүйесінде 90-шы жылдардан бастап мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды әлеуметтік бейімделуін жетілдіру мақсатында қабылданданған халықаралық құқықтық актілер көрсетілген. Солардың бірі Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметтік қорғау туралы 2005 жылғы 13 сәуірдегі N39 Заңы. Осы Заң шеңберінде мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етілуі,

		Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми- техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	олардың тіршілік-тынысы мен қоғаммен етене араласуы үшін тең мүмкіндіктер жасаудың құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шарттарын айқындайтын, әлеуметтік интеграциясын қамтамасыз ете алатын, білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін есепке ала отырып, толыққанды өмір сүрулеріне қажетті айрықша күтім мен дамыта тәрбиелеу және инклюзивті білім алу құқықтары бекітіледі.
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады/қоспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмағ</u> ан.	Диссертациялық жұмыс ғылымға <i>айтарлықтай</i> үлес қосады, оның <i>маңыздылығы</i> толымды ашылған. Себебі, автор ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық саласындағы өзекті мәселелерді шешуге талпынған. Сонымен қатар зерттеу тақырыбына байланысты еңбектерге теориялық талдау жасалған. Зерттеудің міндеттеріне сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеудің құрылымдық-мазмұндық моделін даярлап, оның танымдық, мінез- құлық, психофизиологиялық компоненттерін және көрсеткіштерін, деңгейлерін айқындай білген. Сонымен қатар практикалық және теориялық маңызы да бар. Оның айғағы: «Жоғары оқу орындары мен колледждерде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын дамытудың негізгі бағыттары» айқындалып, «Жоғары оқу орындары мен колледждің нашар еститін білім алушыларының эмоциялық

			жағдайының оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету» бағдарламасын дайындалып, «Методология исследования эмоционального состояния студентов с особыми образовательными потребностями в вузах» 2020 жылғы «13» қазан № 12540 авторлық куәлік алынуы дәлел болады.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмысты дайындауда диссертанттың өзі жазу деңгейі <i>жоғары</i> екендігі зерттеу барысында алынған нәтижелерден, ғылыми мақалалар жазу арқылы ғылымға қосқан үлесімен анықталды. Диссертанттың өзі жазу деңгейінің дәлелі оның қойылған міндеттерді теориялық тұрғыдан отандық және шетелдік ғалымдар еңбектеріне толық және нақты талдау жасап көрсетуі. Жаңа ақпарат көздерімен жұмысы және ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайына кешенді зерттеу жүргізуі ізденушінің өзіндік ғылыми ұстанымдарындағы бағыттарды айқындайды.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі <i>негізделген</i> . Қарастырылып отырған жұмыс ерекше білім беруді қажет ететін есту қабілеті бұзылған білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу бағытындағы алғашқы жұмыстардың бірі. Сондықтан теориялық, тәжірибелік жағынан жұмыстың өзектілігі айқын.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертацияның мазмұны аталмыш зерттеу тақырыбын <i>толымды айқындайды</i> . Жұмыста зерттеу процесінің барлық негізгі компоненттері келтірілген.

	1) <u>айқындайды</u>; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация <i>тақырыбына сәйкес</i> келеді. Диссертацияның мақсаты зерттеудің методологиялық аппаратының қисындылығын; бөлімдер мен тараулардың тақырыптарындағы зерттеу өрісіндегі әр аспектілердің өзара байланыстылығын; зерттеу нәтижелерінің бейнелерін нақты көрсетеді. Зерттеу міндеттері зерттеу мақсатына жетудің алгоритмін айқындайды. Диссертациялық жұмыстың зерттеу мақсаты мен міндеттері өзара байланысты және олар тақырыппен шарттасады және келісіммен сәйкес келеді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы <i>логикалық жағынан бір-бірімен толық байланысқан</i>. Зерттеу тақырыбы, методологиялық аппараттары, бөлімдері мен тармақтарының арасындағы байланыстары және сәйкестіктері диссертациялық жұмыс мазмұнының біртұтас жүйелі сипатын ашады. Өзара байланысты және өзара тәуелді көрсеткіштерді пайдалану, өз нәтижелерін егжей-тегжейлі талдау жұмыстың толымдылығын аша түседі.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп,	Зерттеу прблемасының бұрын белгілі шешімдерін сыни талдау негізінде докторант өзі логикалық тұрғыдан бағалаған жаңа шешімдерді ұсынады. Алынған

		бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау</u> бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.	нәтижелер автордың негізгі методологиялық ұстанымдарды дұрыс тандауын; зерттеудің мақсатына, міндеттеріне және болжамына сәйкес келетін бір-бірін толықтыратын зерттеу әдістерін қолдануын көрсетеді. Зерттеудің идеясы эмоциялық жағдайын зерттеуді ұйымдастыру ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың субъективті жағымды қатынасын жетілдіру үшін бағдарлама құру арқылы жүзеге асады. Бағдарлама білім алушының психофункционалық жағдайын оңтайландыруға; оқу тиімділігін арттыруға; тең позициялардағы бәсекеге қабілеттілігін, үйлесімді қарым-қатынасы мен дүниеге көзқарасын, жалпы адамзаттық құндылықтарын дамытуға мүмкіндік береді.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңашылдық принципіне негізделіп дайындалған. Себебі, ғылыми нәтижелер мен қағидаттар <i>толығымен жаңа</i> болуымен ерекшеленеді. Нақтылайық. - Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері нақтыланған. - Алғаш рет қазақстандық психология-педагогика ғылымдарының өрісінде нашар еститін білім алушылардың жоғары оқу орындары мен колледждерде эмоциялық жағдайы проблемасы қарастырылып, іргелі және қолданбалы білімдерді дамытуға мүмкіндік жасалды. - «Эмоция», «эмоциялық жағдай» ұғымдары нақтыланып, авторлық анықтама берілген.

		- Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеудің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған. - Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың оңтайлы эмоциялық жағдайларын арттырудың әдіс-тәсілдері қарастырылып, тәжірибелік-эксперимент жұмысы арқылы оның тиімділігі тексерілген. - Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың эмоциялық жағдайын қалыптастырудың әдістемесі ретінде элективті оқу пәні оқу процесіне енгізілген.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Диссертацияның тұжырымдары <i>толығымен жаңа</i>. Зерттеудің әзірленген теориялық ережелері, тұжырымдары мен ұсыныстары ЖОО мен колледждердің білім беру бағдарламаларының оқытушылары қолдана алады.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25%	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері <i>жаңа және толығымен негізделген</i>. Бұл педагогикалық-психологиялық эксперименттік жұмыстар нәтижесінен, элективті пән, бағдарлама барысында өткізілген тренингтер нәтижесі негізінде расталады.

		кем жаңа болып табылады)	
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстың барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан алғанда ауқымды <i>дәлелдемелерде негізделіп, диссертант</i> негізгі нәтижелерін 19 мақалада жариялаған. Соның ішінде Scopus (Скопус) деректер базасына кіретін 2 журналда; ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынатын 7 журналда; халықаралық конференциялар материалдарының 3 жинағында; отандық халықаралық конференциялар материалдарының 3 жинағында; өңірлік ғылыми-әдістемелік конференциялар материалының 1 жинағында; республикалық ғылыми журналдарда жинағында 1 мақала, 1 оқу-әдістемелік құралы; 1 авторлық куәлік пен электронды оқу құралы жарияланған.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>;	7.1. Қорғауға ұсынылған барлық негізгі қағидаттар теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістерімен <i>дәлелденген</i>. 7.2. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар өзіндік түпнұсқалық, бірегей жаңашылдық сипатта болғандықтан, <i>тривиалды емес</i>. 7.3 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар педагогика және психология ғылымдарының өрісінде жаңа методологиялық негіздермен, теориялық сыни талдау тұрғысымен, эмпирикалық зерттеу жолдарымен ерекшелінген, <i>жаңа</i> болады. 7.4. Қорғауға шығарылған негізгі

		2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ	қағидаттар ерекше білім беруді қажет ететін есту қабілеті бұзылған білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеуге ғана байланысты емес. Бұл қағидаттар білім алушылардың бүкіл әлеуметтік-психологиялық болмысын теориялық та, практикалық та тұрғыдан ЖОО мен колледж жағдайларында онымен бағдарлап, дамытуға мүмкіндік беретіндіктен олардың қолдану деңгейлері <u>кең</u>. 7.5. Авторлық статус диссертация мен мақалалар мазмұнынан айқындалады. Осыған байланысты мақалалар деңгейінде де қағидаттық тұжырымдар жасалып, <u>дәлелденген</u>.
8	Дәйектілік принципі дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістемені тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u>; 2) жоқ	Әдістеменің тандауы диссертация мазмұнында <u>негізделген</u> және әдістемелік деңгейдегі методология <u>нақты жазылған</u>. Әр әдістеме жеткілікті егжей-тегжейлі сипатталған. Диссертациялық жұмыста келтірілген нәтижелердің дұрыстығы мен сенімділігі зерттеудің теориялық және әдістемелік базасымен; оның ішінде зерттеу тақырыбы бойынша іргелі әзірлемелермен; зерттеу бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігімен; зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің, сондай-ақ, эксперименттік мәліметтерді статистикалық өңдеу әдістерінің оңтайлы үйлесімімен дәйектелген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды	Диссертацияның нәтижелері заманауи зерттеу әдістері мен мәліметтерді өңдеу әдістерін қолдану арқылы алынған. Математикалық зерттеу әдістері

	қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	қолданылып, нәтижелері өңделген. Алынған ғылыми-зерттеу нәтижелері мен мәліметтер цифрлық технология арқылы сызба, кесте, диаграмма түрінде ұсынылған.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертация мазмұнындағы теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер арқылы толымды және ғылыми-методологиялық мәдениет тұрғысынан тексеріліп, <i>дәлелденген және расталған</i> . Алынған нәтижелер теориялық және тәжірибелік тұрғыда дәлелденген.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған/ расталмаған	Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <i>расталған</i> .
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	Пайдаланылған әдебиеттер көзі <i>жеткілікті</i> . Диссертация

		әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> / жеткіліксіз	мазмұнында пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі 138 отандық, алыс жақын шетел ғалымдарының тақырып өрісіндегі еңбектеріне шолу берілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	<i>Зерттеудің теориялық маңыздылығы</i> бар. Себебі, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу барысында «инклюзия», «эмоция», «эмоциялық жағдай» ұғымдарының психологиялық-педагогикалық тұрғыда нақтыланған мәні мен оның сипаты ашылған. Соның нәтижесінде «эмоциялық даму», «эмоциялық дамыған жеке тұлға», «жағымды эмоциялық жағдай», «эмоциялық жағдайдың оңтайлы деңгейі» ұғымдарына анықтама берілген. Жоғары оқу орындары мен колледждің нашар еститін білім алушыларының эмоциялық жағдайын зерттеудің құрылымдық- мазмұндық моделі жасалған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	<i>Зерттеудің практикалық маңыздылығы жоғары:</i> - Өзірленіп өңделген психодиагностикалық әдістемелер топтамасы әр түрлі санаттағы ерекше білім беру қажеттілігі бар, оның ішінде есту қабілеті нашар білім алушылар үшін ЖОО мен колледждердің оқу процесіндегі психологиялық-педагогикалық бақылауда қолданыла алады. – Зерттеу материалдары нашар еститін білім алушыларға психологиялық көмек көрсетудің өзекті бағыттарын анықтауға және жоғары оқу орындары мен колледждерде оқу жағдайында оларды оңтайландырудың ішкі

			ресурстарын анықтауға мүмкіндік береді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар <i>толығымен жаңа</i> болады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен	Диссертациялық жұмысқа қойылатын талапқа сәйкес академиялық <i>жазу сапасы жоғары</i> .

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдары мен ұсыныстары қойылған міндеттердің аяқталған нәтижесі болып табылады. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыстың тек зерттеу бағыттары бойынша ғана бірер ескерту түріндегі ұсыныстар бар:

1. Диссертациялық зерттеудегі 2-ші міндет ЖОО мен колледждегі нашар еститін білім алушылардың эмоциялық жағдайын дамытудың психологиялық-педагогикалық мазмұнын ашуға бағдарланған. Осыған байланысты нашар еститін білім алушылардың эмоциялық жағдайын дамытудың психологиялық предикторлары, деңгейлік сипаттары зерттеу логикасына сәйкес толымды ашылған. Дегенмен, ЖОО мен колледждегі нашар еститін білім алушылардың эмоциялық жағдайының зерттеу барысында тағайындалған үш компоненттік сипатына сәйкес оларды дамытудың педагогикалық шарттары да толымды сипатталса, диссертациялық жұмыстың құндылығы аса жоғары болар еді.

2. Диссертациялық жұмыста нашар еститін білім алушылардың эмоциялық жағдайы компоненттерінің оқу үдерісіндегі көрсеткіштері мен айқындылық өлшемдері танымдық, мінез-құлықтық, психофизиологиялық тұрғысынан қажетті және жеткілікті деңгейде анықталып, зерделенген. Дегенмен, инклюзивті білім берудегі теңдік концепциясына сәйкес нашар еститін білім алушыларды субъект ретінде қарастырып, олардың тұлғалық компоненттері арнайы критериалды өлшемдермен жеке фактор ретінде

қарастырылса, бұл диссертациялық зерттеудің маңыздылығы үстемелене түсер еді.

Алайда бұл ескертулер диссертациялық зерттеудің теориялық және практикалық маңызының, ғылыми жаңалықтарының, ғылыми тұжырымдардың мәнділігін кемітпейді. Бибикуль Жексембаевна Альмухамбетованың 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу (ЖОО мен колледждердің нашар еститін білім алушылары мысалында)» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитетінің ұсынған талаптарына сәйкес орындалған. Сондықтан Бибикуль Жексембаевна Альмухамбетова 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

**Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университетінің,
Әлеуметтік ғылымдар факультеті,
«Психология» кафедрасының профессоры,
психология ғылымдарының докторы**



А.Р. Ерментаева

